

ЖОЛДАУ – 2024

АЭС – ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ ЖАСЫЛ ЭНЕРГИЯ КӨЗІ

3

#WORLDNOMADGAMES2024

ӘЛЕМ НАЗАРЫНДАҒЫ ДҮБІРЛІ ДОДА

Көшпенділер ойындары – бабалар аманат еткен қастерлі мұра

7

ПАРИЖ – 2024

ТАРИХИ НӘТИЖЕ!

Паралимпиадашылар Парижде 9 жүлдеге ие болды

12

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №74-75 (6526) 10 қыркүйек, сейсенбі, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+

РЕФЕРЕНДУМ – 2024

ӘРБІР ДАУЫС МАҢЫЗДЫ!

Демократиялық қоғамның қалыптасуында референдум институтының орны ерекше

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында 2024 жылғы 6 қазанда елімізде Атом электр станциясын салу бойынша жалпыхалықтық референдум өтетінін айтты. Соңғы жылдары елімізде АЭС салудың тиімділігі мен мүмкін болатын қатері туралы ауқымды талқылаулар мен тыңдалымдар өтуде. Әрине, стратегиялық маңызды шешім болғандықтан халықтың үніне құлақ асып, барлық тарапты тыңдау – еліміздің халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасы аясында өте маңызды қадам. Бүгінде Қазақстанда референдум өткізудің бірегей жүйесі қалыптасты десек те болады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары референдум саяси өкілеттілікті ұзартумен шектелсе, енді маңызды стратегиялық шешімдер бойынша халықпен тікелей ақылдасу, қоғам пікірін тыңдап, саяси көпшіліктің көзқарасын зерделеу үрдісі қалыптасты. Осы ретте «референдум дегеніміз не?» деген заңды сұрақ туындайды. Референдум дегеніміз – елімізде өткізілетін жалпыхалықтық дауыс беру процесі. Қоғамдық өмірдің маңызды мәселелері референдумда шешіліп, анықталады. Әдетте референдум барысында екі сұрақ қамтылады. Мақаламызда саяси ғылымдағы референдум процесінің мәні мен мазмұнын талдап, оның еліміз үшін қазіргі таңдағы маңызын талдап көрелік.

2

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

«АЛМАТЫ – БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗ»

Мегаполисте Қала күні қарсаңында тазалық апталығы өтеді

Алматыда қала күні қарсаңында 9–13 қыркүйек аралығында «Алматы – біздің ортақ үйіміз» қалалық науқаны және «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында көшелерді, қала инфрақұрылымын, аула аумақтарын, балалар алаңдарын, субұрқақтарды, өзендер мен су айдындары жағалауын, саябақтар, скверлер мен тау баурайын тазалау бойынша ауқымды жұмыс жүргізіледі.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Бір апта бойы 25,1 млн м² аумақты алып жатқан 2318 көшені, ұзындығы 2777 км болатын жолдарды тазарту жұмыстары қарқынды жүргізіледі. Айта кетейік, күн сайын қала көшелерінен 150 тоннадан астам қоқыс шығарылады. Магистральдық көшелер күніне екі рет, ал аудандық маңызы бар көшелер күнделікті тазартылады. Коммуналдық қызмет 56 жерасты және 78 жерүсті жаяу жүргіншілер өткелін, 1765 аялдама павильонын, 480 бағдаршам нысанын, жарықтандыру құралдарын, көрсеткіштерді, туристік

тотемдерді, қоғамдық дәретханаларды тазалайды. Сонымен қатар, 1454 контейнерлік алаңдар санитарлық тазартылып, жуылып, залалсыздандырылады, 24 747 көше және аулалағы қоқыс жәшіктері тазартылады. Қоқыстан тазарту жұмыстары аулаларда, балалар және спорт алаңдарында да жүргізіледі. Қаладағы субұрқақтарды, соның ішінде жаяу жүргіншілер субұрқақтарын тазалау, жуу және қайта жөндеу жұмыстары жалғасады. Алматыда коммуналдық меншік иелігінде 66 субұрқақ бар, оның

6 субұрқағы жөнделіп жатыр және 13 заманауи жаяу жүргіншілер сұрбұрқағы бар. 250 шаршы шақырымды құрайтын өзендер мен су қоймаларының жағалауы, саябақтар, скверлер мен тау бөктерлері де ретке келтіріледі. Апаттық жағдайдағы ағаштардың бұтақтарын санитарлық мақсатта кесу мен кесіп алып тастау жұмыстары жалғасады. Алматы қаласы күні жылдағыдай қыркүйек айының үшінші жексенбісінде атап өтіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

10.09.2024

Түнде: +10+12 °C
Көшпелі бұлтты, жаңбыр.

Күндіз: +20+22 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

11.09.2024

Түнде: +10+12 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +21+23 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

www.aqshamnews.kz

9 772223 237006 >

АҚОРДА

САРАПТАМА

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт
Тоқаевтың
төрағалығымен
Қазақстан
Республикасы
Қауіпсіздік Кеңесінің
кезекті отырысы өтті.

ҚАУІПСІЗДІК
КЕҢЕСІНІҢ
ОТЫРЫСЫ

Жиында Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров, Қорғаныс министрі Руслан Жаксылықов, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту шараларын жүзеге асыру мәселелері туралы баяндама жасады.

Қауіпсіздік Кеңесі мемлекеттің әскери әлеуетін арттыруға байланысты ұсынылған тәсілдер және армияны заманауи қарумен, әскери техникамен, соның ішінде отандық қорғаныс кешені кәсіпорындары шығарған өнімдермен жарақтандыру бойынша тиісті шешімдер қабылдады.

Жиын соңында Президент – Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке және басқа да мүдделі мемлекеттік органдарға еліміздің әскери ұйымын жетілдіру бағытында бірқатар нақты тапсырма берді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).

ЖИЫН

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАДЫ

Алматы қаласы
Ардагерлер кеңесі
Президиумының
отырысы өтті. Алматы
қалалық Ардагерлер
кеңесінің төрағасы
А.Х.Бижанов
Қазақстан
Республикасы
Президентінің
Қазақстан халқына
жолдаған «Әділетті
Қазақстан: құқық
тәртібі, экономикалық
өсу, қоғамдық
оптимизм туралы»
Жолдауына
байланысты баяндама
жасады.



таңда АЭС құрылысы энергетикалық және экологиялық мәселелерді шешіп қана қоймай, ғылымды дамытуға, жаңа технологиялар мен білім беру бағдарламаларын енгізу мүмкіндіктерін жол ашатындығы айтылған.

Осы мәселеге байланысты Түркісіб ауданы Ардагерлер кеңесінің төрайымы Ғ.А. Байгутдинова, Наурызбай ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Т.Каркенов, Бостандық ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Ж.Сәденовтар сөз алды. Төралқа мүшелері Жолдауды талқылай келе, Қазақстан аума-

ғында атом электр стансасын салуға қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын қолдау туралы бастамамен қала халқына үндеу жасады. Айта кетсек, дүние жүзіндегі 50-ден астам мемлекет АЭС-ті пайдалануда, 400-ден астам ядролық реакторлар дүние жүзіндегі энергияның тоғыз пайызын өндіреді, 16 елде 60-қа жуық жаңа реакторлар салынып жатыр. Бұл – озық технологияның жетілген түрі.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің Төралқасы алдағы референдумға белсене қатысуға шақырды.

ӘРБІР ДАУЫС МАҢЫЗДЫ!

Демократиялық қоғамның қалыптасуында референдум институтының орны ерекше

(Басы 1-бетте)

• Тәуелсіз Қазақстанда Президент өкілеттігін ұзарту жөніндегі алғашқы республикалық референдум 1995 жылы 29 сәуірде өтті. Екінші референдум – конституциялық мәселе бойынша 1995 жылғы 30 тамызда ұйымдастырылды. Референдумға «Сіз жобасы 1995 жылы 1 тамызда баспасөзде жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сұрақ қойылды.

Биылғы референдумда «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?» деген сұраққа жауап беретін боламыз.

АРНАЙЫ ЗАҢНАМА
НЕГІЗІНДЕ ЖҮЗЕГЕ
АСАДЫ

Халықаралық тәжірибеден көргеніміздей, азаматтық қоғам қалыптасқан, демократиялы елдерде маңызды саяси мәселелер бойынша жиі жалпыхалықтық референдум өткізіледі. Басты мақсаты – нақты сұрақ аясында саяси электораттың пікірі негізінде шешім қабылдау. Референдумды өткізу процедурасы Орталық сайлау комиссиясы негізінде жүзеге асып, нақты мәселені халық болып талқылап, ортақ шешімге келеді. Референдумға азаматтардың қатысуы ерікті түрде жүреді. Референдумда азаматтар жариялылық принциптеріне негізінде, жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең және төте қатысады.

• Елінің болашағына бей-жай қарамайтын әрбір саяси сауатты азамат үшін референдум арқылы өз пікірін білдіру – әркімнің азаматтық парызы.

Жалпыұлттық референдум Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы №2592 Конституциялық заңы негізінде бекітілген «Республикалық референдум



туралы» заңнама аясында реттеледі.

Заңнама бойынша референдумның талқысына: Республика Конституциясын, конституциялық заңдарын, заңдарын қабылдау, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу және республиканың мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелерін шешу қойылады.

• Елімізде заңнамалық актілер бойынша, маңызды стратегиялық саяси шешімдер бойынша референдум өткізудің бірегей жолы, қазақстандық моделі қалыптасты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ата Заңымызға толықтырулар мен өзгертулер енгізу бойынша 2022 жылғы 5 мамырда тағы бір референдум өткізу туралы

Жарлыққа қол қойды. Референдум 2022 жылдың 5 маусымында өтті. Конституцияға енгізілген түзетулер мен толықтырулар бойынша өткізілген бұл республикалық референдумның мақсаты – жаңа мемлекеттік үлгіге, мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылының жаңа форматына көшу барысында Конституцияның 33-бабына өзгерістер енгізу. Референдум қорытындысы бойынша оған елімізде сайлау құқығына ие азаматтардың 68,06 пайызы қатысып, үн қосты. Нәтижесінде дауыс бергендердің 77,18 пайызы Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қолдап, маңызды шешім қабылданды.

Референдумның әлеуметтік саяси мәнге ие тұсы – халық үніне құлақ асатын мемлекет қалыптастыру. Президент Қасым-Жомарт

Тоқаев Жолдауда атап өткеніндей, республикалық референдум өткізу арқылы азаматтардың өз таңдауын жасауына, үн қосуы үшін ресми мүмкіндік қалыптасады.

Осы орайда ескеретін маңызды ұстанымдар бар екенін білгеніміз жөн. Халықаралық тәжірибеден көргеніміздей, маңызды саяси процестер қарсаңында референдумда талқыланатын мәселелер бойынша ауқымда тыңдаулар мен талқылаулар болады. Референдумға дауыс беру, сайлауда кандидаттың бағдарламасы негізінде азаматтық таңдау жасауға өте ұқсас болғанымен, біршама ерекшеліктерге ие. Сайлауда партияға немесе кандидат бағдарламасына қарап дауыс берсек, референдумда нақты қойылған сұраққа иә немесе жоқ деп жауап береміз.

Әрине, бұл тұрғыда дауыс беруге таңдау жасамастан бұрын азаматтардың аталмыш тақырыпты ауқымды зерттеп, кәсіби мамандардың пікіріне құлақ асып, шешімге саналы түрде келуі қажет.

Елімізде 6 қазанда жоспарланған республикалық референдумда «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келісесіз бе?» деген сұраққа жауап беретін боламыз. Аталмыш сұрақтың салмағы мен ықпалын толық сезініп, нақты шешім қабылдауда ауқымды талдауға негізделген мақалалардың мәні бөлек. Бұл тұрғыда атом электр станциясының мүмкіндігі мен әлеуеті, маңызы мен мүмкін болатын қатерлері туралы келелі сараптамалармен танысып, ой қорытуда отандық бұқаралық ақпарат құралдарының орны ерекше.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.

АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ
АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ
ҮНДЕУІ

Ел Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуының жаңа парадигмасын жүзеге асыруға бағытталған. Жолдаудың ережелері мен қорытындылары – халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бағдарламалық құжат. Сондықтан біз бүкіл Қазақстан халқы Мемлекет басшысының тың идеялары мен бастамаларын қолдаудың тиімді шараларын қабылдауға тиіспіз.

Жолдаудағы маңызды мәселелердің бірі – республикада АЭС салуға қатысты референдум өткізу шаралары.

АЭС-тің салынуы ел экономикасының дамуына септігін тигізуде. Қазіргі таңда дүние жүзіндегі 50-ден астам мемлекет АЭС-ті пайдалануда, 400-ден астам ядролық реакторлар дүние жүзіндегі энергияның тоғыз пайызын өндіреді, 16 елде 60-қа жуық жаңа реакторлар салынуда.

АЭС құрылысы энергетикалық және экологиялық мәселелерді шешіп қана қоймай, ғылымды дамытуға және жаңа технологиялар мен білім беру бағдарламаларын енгізуге жаңа мүмкіндіктер ашады. Ядролық энергетиканы зерттеушілер атом энергиясын тұтынудың жыл сайын 3 пайызға артып отырғанын атап өтті. Сонымен қатар, өнеркәсіптің, құрылыстың, көліктің және ел экономикасының басқа да салаларының белсенді дамуына байланысты республикада энергия көздерінің үлкен

тапшылығы күтілуде. Еліміздегі энергияның 70 пайызы көмір стансаларынан келетінін ескерсек, бұл бастама аса қажет шара. Бұл – дамуымыздың көкжиегін кеңейтетін, қоршаған ортаның тазалығы мен энергия тапшылығы мәселесін шешудің тиімді жолдарының бірі.

Халқымызда «Шегірткеден қорыққан егін екпейді» деген сөз бар. Бұл түсінік бүгінде өзекті саналады. Сонымен қатар, заманауи озық реакторларда қауіпсіздік критерийлері белгіленгендіктен, жаңа буын реакторлары бірегей белсенді қауіпсіздік жүйесімен жабдықталған.

Сарапшылардың пікірінше, 2050 жылға қарай АЭС-тан электр энергиясын өндіру екі есеге артады. Осыған байланысты ядролық қауіпсіздікті төмендету жаһандық тақырыпқа айналып отыр.

Осы мақсатқа орай, Ел Президенті Қазақстан халқына Жолдауында «Бізге референдум арқылы маңызды стратегиялық мәселелер бойынша түпкілікті шешім қабылдау қажет. АЭС салу немесе салмау мәселесі еліміздің болашағы үшін өте маңызды мәселе. Сондықтан бұл мәселені жалпыхалықтық референдум арқылы шешкен дұрыс деп есептеймін» деді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің Төралқасы алматылықтарды алдағы референдумға белсене қатысуға және еліміздің болашағы үшін Қазақстанда атом электр стансасын салу жөніндегі осы тағдыршешті бастаманы қолдауға шақырады.

Алматы қалалық
Ардагерлер кеңесінің Төралқасы.



МӘСЕЛЕ

ӘЛЕМ БОЛАШАҒЫ

АЭС – тұрақты және жасыл энергия көзі

Мемлекет басшысы 2 қыркүйектегі Жолдауында АЭС салу мәселесі бойынша жалпыұлттық референдум күнін белгіледі. Қасым-Жомарт Тоқаев өзі атап өткендей, алдағы референдум ауқымды жалпыұлттық диалогтың айқын көрінісі болмақ. Маңызды саяси іс-қимыл арқылы азаматтар ел болашағына саятын маңызды мәселеде өз үнін қосып, таңдау жасамақ. Бұл тағы бір қырынан мемлекет пен қоғамның, билік пен халық арасындағы диалогтың да нақты көрінісі саналмақ. Әрі Президент жолға қойған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасының іс жүзіндегі көрінісі де референдумда айқын көрінеді.



АЙМАҚҚА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?

Қазақстанда АЭС салу немесе салмау мәселесі қоғамда бір жылдан бері талқыланып келе жатқан тақырып. Шын мәнінде АЭС салу және оның құрылысы, қызметі толып жатқан күрделі ғылыми жұмыстардан тұратындықтан, тақырып бойынша нақты мамандардың пікірі көпшілікке маңыздырақ. Былтырдан бері энергетика және ядролық физика саласының білікті мамандары қоғамдық талқыларға қатысып, аталған тақырып бойынша ғылыми түсіндіру жұмыстарын жүргізіп келді. Осы саладағы мамандарымыз, АЭС салу, оның энергетикалық, экономикалық маңызы турасында көптеген ғылыми мәліметтерді қоғаммен бөлісті. Қазіргі таңда ел азаматтарының АЭС бойынша түсінігі қалыптасты деп санауға болады.

Халық шешіміне ешкім де алтын ала кесім айтпайды. Десек те, еліміздің болашақ энергетикалық тәуелсіздігі, экономикалық даму кепілі тұрғысынан, сондай-ақ, аймақтағы өсіп келе жатқан энергия сұранысын қанағаттандыру мәселесіне шешуші ықпал ететін осы бір маңызды қадамның халық таразысына салынуы айрықша мәнді. Бұл, ең алдымен, саяси тұрғыдан үлкен маңызға ие. Реформаның мәнін екі негізгі түйінге бөліп қарастыруға болады. Біріншіден, мұның еліміздің ішкі саяси-әлеуметтік өмірі тұрғысындағы маңызы жоғары. Себебі, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз өкілеттілігі кезеңінде мемлекет басқару жүйесін реформалаудың байыпты әрі табанды үрдісін алға жылжытып келеді. Ауқымды саяси-экономикалық реформаларды жүзеге асырып жатқан елімізде жалпыұлттық референдум билік пен халық ортасындағы түсіністікті арттыра түспек. Әрі бұрынғыдай емес, азаматтардың саяси қатысуын арттырып, сол арқылы инклюзивті институттардың біртіндеп қалыптасуына қолайлы жағдай әзірлемек.

Екіншіден, АЭС-ті тақырып еткен референдумның өзіндік геосаяси мәні де бар. Айталық, Орта Азия және көршілес өзге елдерге Қазақстандағы маңызды

саяси шешімдерде ел азаматтарының пікірі, халық таңдауы маңызды болатынын айқындап бермек. Егер референдум нәтижесінде АЭС салынар болса, еліміз аймақтағы алғашқы атом электр станциясын алғаш қолданушы ел ретінде геосаяси салмағын арттыра түседі.

Атом энергиясынан электр қуатын алуды біз енді талқылап жатқанымызбен, жалпы әлем үшін бұл әлдеқашан талқылауды қажет етпейтін тақырыпқа айналып кеткендей. Әсіресе, дамыған және қуатты экономикаға ие елдер өзінің экономикалық дамуын АЭС беретін қуаттан бөле жармайды. Айталық, өткен ғасырдың екінші жартысынан бері адамзат қоғамы АЭС-тен энергия алып келген болса, ХХІ ғасырға аяқ басқаннан бері әлемде 100 жаңа реактор іске қосылған. Ал оған дейін ескірген 107 реактордың жұмысы тоқтатылып, жаңаларымен ауыстырылған. Дәл бүгінгі күнді айтар болсақ, осы күні 60-қа жуық атом электр станциялары салыну үстінде, одан бөлек 110 АЭС құрылысы жоспарланып қойған.

Неге әлем елдерінде атом энергиясына деген сұраныс артып келеді? Бұның жауабы болашақ картинасында. Әсіресе, адамзат климаттың өзгеруі сынды қауіпті табиғи үрдіске тап болғаннан бері зиянды шығарындылары

аз, қайта қолдануға болатын энергия көздеріне деген қажеттілік тіптен өсті. Егер әлем елдері қазіргідей электр жарығы мен қуатын қазба отындардан алуды жалғастыратын болса, енді бір ғасырға жетпейтін уақытта Жер планетасының 70 пайыздан астамы жарамсыз болып қалмақ. Егер климат өзгерісінің әсерін қоса есептесек, бұл уақыт тіпті беріде жатыр. Сондықтан қазір болашақ дамуы тек экономикалық өсіммен саналмайды, қай елде жасыл экономика, жасыл энергия дамыған, сол елдің дамуы жоғары саналады. Бұл сол ел азаматтарының өмір сүру сапасын білдіретін көрсеткішке айналмақ.

Қоршаған ортаға зиянды газдарды бөліп шығармайтын және тұрақты энергия беруші ретінде АЭС-ке дамыған елдер көбірек инвестиция салған. Дүниежүзілік ядролық ассоциациясының мәліметтеріне сай, әлемнің 33 елінде ядролық реакторлар жұмыс істеп тұр. Былтырғы статистика бойынша, әлем қолданған тұтас электр энергиясының 9 пайызын осы АЭС-тер береді. Бұл дегеніміз, 2602 ТВт/сағ энергия деген сөз. Ал бізге ұқсас АЭС тақырыбын талқылап жатқан немесе салғалы жатқан елдер саны 30-дан астам.

ХАЛЫҚТЫҢ ДҮРЫС ТАҢДАУ ЖАСАУЫ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

6 қазанға белгіленген референдум осынша маңызды мәнге ие және оның ел болашағына да өзінің әсері мол. Соған қарамастан, референдумда халықтың дұрыс таңдау жасауы да маңызды. Өлбетте, қоғамдық талқылаулардан көргеніміздей, АЭС-ті қолдаушы азаматтар да, оған қарсылар да бар. Бұл қоғамның заңды құбылысы және әркімнің саяси таңдауын жасауға өз құқығы бар. Бірақ өкінішке қарай, АЭС-ті айрықша қауіпті ядролық жарылыстың көзі, экологияны бүлдіруші, суды лаастаушы етіп көрсетушілердің де бар екені мәлім. Бір жылдан бері мамандарымыз бұл жағындағы көптеген сұрақтарға ғылыми жауаптарын түсінікті жеткізіп келеді. Осы ретте де біз Алматыдағы Ядролық физика институтының маманынан бұл мәселе бойынша пікірін бөлісуді сұраған едік. «Тақырыпқа орай» айдаршасынан маман пікірін де таба аласыздар.

Егер терең мәніне үңілер болсақ, алдағы референдум бір ғана АЭС-ті салу мен салмауды ғана шешпейді. Оған қоса, Мемлекет басшысы алға қойған маңызды реформалар қадамын да алға жылжытады. Мемлекет пен халық арасындағы ең ауқымды диалог елдегі саяси институттарды тағы бір маңызды кезеңнен өткізе отырып, болашақ қоғамдағы маңызды шешімдерді билік пен ел азаматтары ортасында ортақ мәмілемен шешудің өнімді тәжірибесін бермек.

Естай
БОЖАН,
сарапшы.



КӨЗҚАРАС



Абай ДҮЙСЕНБАЕВ,
педагогика
ғылымының
кандидаты, доцент:

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ РЕФЕРЕНДУМНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Бүгінгі таңда дүние жүзіндегі және көршілес елдердегі геосаяси жағдайдың қиын кезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті Жолдауы үлкен оптимистік маңызға ие. Негізіннен халыққа бұрынғы Жолдауда айтылған проблемалардың шешілгені немесе проблема күйінде қалғаны туралы да айтып өтті. Біздің байқағанымыз, Президент әрбір Жолдауын ел болашағын елең еткізетін өткір мәселе мен ұлт болашағына арналған жоспар негізінде алып отыр.

Дегенмен, экономикалық, әлеуметтік, білім, тәрбие, ғылым, экология, демографиялық, өнеркәсіп, т.б. мәселені шешу бағыты айқын. Атап айтқанда, алдымен ақша-несие саясаты мен фискалды саясаттың арасындағы үйлесімсіздікті жою қажеттігі. Бұл елімізде халықтың дені банктерге қарызға батып, елдің қаржылық проблемасы туындап отырғанын аңғартады. Осыны Мемлекет басшысы баса айтты. Сондықтан «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында елдің әлеуетін білімге, жастарды адал еңбек етуге шақырды.

Қазір дүние жүзінде цифрлық және жасанды интеллектке бәсеке қызып тұр. Барлық жерде ресурс үшін талас жүруде. Климаттың өзгеруі, азық-түлік қауіпсіздігі мен демографиялық тұрғыдан орнықты даму ең өзекті мәселеге айналған. Бір сөзбен айтқанда, адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған сын-қатер мен түбегейлі өзгеріс дәуірі басталды. Сонымен қатар, Жолдауда сөз болғандай, Атом электр станциясын салу мәселесі әлеуметтік желілерде кеңінен тараған. Президент қоғамда үлкен резонанс тудырып отырған зорлық-зомбылық, әлеуметтік қиындық, медицина саласында қызметтің төмендігі, білім беру мен ғылымның сәйкессіздігі, т.б. мәселеге жан-жақты тоқталып өтті. Биылғы қазанда өтетін Атом электр станциясын салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум да өте өзекті мәселе.

ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ!

МАҚСАТ-МІНДЕТ АЙҚЫН

Алматы ғалымдары Жолдауға қолдау білдіріп, үн қосты

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған жуырдағы «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында тоғыз басымдық айтылды. Онда еліміздің дамуы, халықтың бақуатты өмірі үшін өзекті болып саналатын маңызды мақсат-міндеттер айқындалды. Осы орайда мегаполистегі Философия, саясаттану және дінтану институтының мамандары Жолдау туралы ой-пікірлерін ортаға салды.

Аманжол МЕЙІРМАНОВ,
Философия орталығының аға
ғылыми қызметкері,
гуманитарлық ғылымдар
магистрі:

ҰТҚЫР ЖҰМЫСТАР
КЕРЕК

лелерді шеше отырып, сапалы медициналық қызмет көрсету деңгейін көтерудің тетіктерін талқылады.

Ұлт сапасын жақсартудың маңызды саласы ретінде білім беру жүйесі Жолдаудағы өзекті мәселенің бірі болды. Мектепке дейінгі тәрбие жұмысындағы олқылықтарды жою іс-шараларының бірі деп, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін көтеруге ден қойды.

Елде жүзеге асырылатын реформалар «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасына берік болып, «Әділетті Қазақстан» идеясының жалаулы ұран ғана емес, елдік мүддені көздейтін қасиетті міндет екеніне көпшілік қауымды сендіріп, халықты ортақ мүддеге жұмылдыра алған жағдайда мүмкін деп білеміз. Сондықтан саяси реформалардың жүзеге асуы үшін халықпен етене жақын және ықпалы мен беделі зор Парламенттің болуы, сондай-ақ жүктелген міндеттер мен оның атқарылуына жауапты, есеп беретін Үкіметтің ұтқыр жұмысы қажет.

А.ШАҒЫРБАЙ,
жетекші ғылыми
қызметкер, PhD:

БӘРІ ӨЗ
ҚОЛЫМЫЗДА

ған жауапты мекемелер орта мектептер мен университеттерде жастардың құқықтық сауатын арттыру бойынша жұмыстар ұйымдастыруда. Бұл жұмыстар өз нәтижесін береді.

Алаяқтарға алданған халықта көп жағдайда сол азаматтарды құқықтық жауапкершілікке тарту үшін құжат негізінде жасалған келісім-шарт секілді дүниелердің жоқ екендігін құзырлы органдар алға тартады. Халық арасында заңның үстемдік етуін қаласақ, азаматтық қоғам құруға бәріміз атсалысуымыз керек. Осы уақытқа дейін қалыптасқан стереотиптерді қалдырып, қоғамдық сананы қалыптастыруға бағытталған мамандардың пікірлерін ескерген жөн. Қоғамдық өмірде азаматтар кез келген мәселеге белсенді араласып, құқықтық әдістермен шешуді толық қалыптастырғанда заң үстемдік ететін қоғам орнайды. Бұл қоғамды бізге ешкім жасап бермейді. Оны қалыптастыратын – халық.



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында қаржылық, экономикалық, экологиялық, әлеуметтік тақырыптарға баса назар аударды. Дегенмен, саяси және идеологиялық мәселелер де назардан тыс қалған жоқ

А.АЛТАЙҚЫЗЫ,
институттың жетекші ғылыми қызметкері, PhD:

ЖАҢАШЫЛ ҮРДІСТЕРДЕН ҚАЛМАЙМЫЗ

Мемлекет басшысы Жолдаудағы жетінші басымдықта «Экологиялық ахуалды жақсартуды» негізгі міндеттердің бірі ретінде айқындады.

Қазіргі заманғы мемлекеттерде ғылыми прогресс пен тұтынушылық мәдениеттің қатар дамуы түрлі экологиялық дағдарыстарға әкелгені аян. Осы орайда ілгері елдердің көпшілігі жасыл экономика мен технологиялар, жаһандық ауа райының өзгеруі сияқты бағыттарда кешенді іс-шараларды жүзеге асыруда. Қазақстан



Мемлекет басшысының баса назар аударған маңызды мәселелердің бірі – елдің әлеуетін арттыратын өнеркәсіп саласын халық игілігіне пайдалану үшін кезек күттірмейтін, жан-жақты іс-шараларды қабылдау қажеттігі жайында.

Президент өнеркәсіпті жан-жақты дамыту үшін үкімет 17 ірі жоба тізімін жасап, оны меңгеруге басымдық беріп отырғанын айта келіп, жаңа өндіріс орындарын барынша дамыту керектігіне назарымызды аударды. Осы мақсатта автокөлік кластерін дамыту, газ тасымалдау, полипропилен және полиэтилен, мұнай-газ-химия т.б. салаларды жетілдіруге аса терең мән берілуі керектігі жайында атап көрсетті.

Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, еліміздің жеңіл және

Бақытжан САТЕРШИНОВ,
Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері, философия ғылымының докторы, профессор:

ҚАУІПСІЗ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ҚҰРАМЫЗ

«...Қазақстанның қоғамында да, билігінде де ешқандай «фобия» бұған дейін болған емес, қазір де жоқ, болашақта да болмайды. Сондықтан ақша үшін ел ішіне іріткі салуды көздейтін мұндай жымысқы әрекеттерден түк шықпайтыны анық. Біз үйлесімді, әділетті әрі тұрақты қоғам құру ісін жалғастыра береміз», – деді Мемлекет басшысы.

Әрине, «Жаксы сөздің жарымы – ырыс», оптимистік нотаның қоғамдық көңіл күйге жағымды әсер ететіні белгілі. Дегенмен,

идеология саласында, әсіресе, дінді саяси құрал ретінде пайдалану әрекеттерін алдын алу маңызды. Біздің елімізде әлі жаңғырығы басылмаған қасіретті Қаңтар оқиғасының салдарынан сабақ алуымыз керек. Бұл, яғни діни ахуал мен астарындағы көзге көрінбейтін үрдістер арнайы құзырлы органдардың жіті бақылауында болуы тиіс. Ал жалпы қоғамдағы тәртіп пен заңға бағынушылық, Президент атап өткендей, қауіпсіз азаматтық қоғам мәдениетін қалыптастыруға жетелейді.



Г.ОМАРОВА,
жетекші ғылыми қызметкер:

АДАЛ ЕҢБЕК НАСИХАТТАЛУЫ КЕРЕК

ауыр өнеркәсібін жаңғыртып, жаңаша дамыту терең назар аударатын салалар екені айқын. Кезінде, 2020 жылы елімізде «Өнеркәсіпті дамыту қоры» құрылып, мемлекеттік бағдарлама бойынша жұмыс істегені белгілі. Бірақ бұл бағыт кейін аса терең дамымай қалды. Қазір Қазақстан дүкендері мен базарларында Өзбекстанның мақта-мата өнімдеріне қоса, кейінгі кездері Өзбекстанның тоңазытқышы, газ, раковина, т.б., Қырғызстанның казак ою-өрнегін салған ұлттық және еуропа үлгісіндегі киімдері, Түркіменстанның таза мақтадан өндірілген сапалы өнімдері, Қытайдың фарфоры, т.б. шетелдік сапалы бұйымдар кең қолданылуда. Алайда, біздің елімізде де білікті мамандар жеткілікті. Егер елімізде жеңіл және ауыр өнеркәсіп терең қарқында дамытылса, халықтың әлеуеті артып, қарқынды дамуға мүмкіндіктер туындар еді.

Мемлекет басшысы атап көрсеткен адал еңбек пен кәсіпті дамыту әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Осы бағытта адамдардың талантын ашуға мүмкіндік бе-

ретін, студенттерді, балаларды өнерге үйрететін шеберханалар жұмыс істеп, адал еңбек терең насихатталып, өз еңбегімен баюға, қаржылық сауаттылыққа үйрету аса керек деп ойлаймыз. Еліміздің кейбір ауылдық мектептерін айтпағанның өзінде, кейбір қалалық мектептерде еңбек сабағында еңбекке баулуға көңіл бөлінбей отырғаны белгілі. Мәселен, шетелдерде үй жанында жасалып шығарылған өнімдерді экспортқа шығарып үлкен бизнеске үлес қосып жүргендер аз емес.

Әлем жаңа заманның сұранысына сәйкес дамуда. Сондықтан елдің әлеуетін арттыру мақсатында еліміздің жеңіл және ауыр өнеркәсібін дамыту аса маңызды. Шетелдерге «Болашақпен» кеткен талантты ғалымдарымыздың арасында цифрландыру, жасанды интеллект, микробиология, генетика, атом және электроэнергетика, т.б. салалардағы мамандар бар. Елімізде халық игілігіне қызмет етіп, ғылым мен жаңа технологияны дамытатын аса білікті мамандарға сұраныс артууда.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕБА.



МЕГАПОЛИС

ДАМУ БАҒДАРЛАРЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесті



Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың қала тұрғындарымен кезекті кездесуі Бостандық ауданында өтті. Ауданның экономикалық-әлеуметтік әлеуетін саралап, алматылықтардың ұсыныстары мен толғандырған сұрақтарына жауап берді. Бостандық ауданының тұрғындары қала әкімінің алдында су, жол құрылысы, жер, т.б. әлеуметтік мәселелерді көтерді.

Ерболат Досаев Бостандық ауданының тұрғындарымен кезекті кездесуінде ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны туралы баяндады. Аудан қалада инвестиция тарту бойынша көш бастап тұр. Биыл 7 айда 150 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды.

Жыл басынан бері шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 8%-ға өсіп, 64 717-ге жетті. Бұл – 5 мыңнан астам тұрғынды тұрақты жұмыс орындарымен қамтамасыз етті. Салық түсімі 34%-ға өсіп, 320 млрд теңгеге жетті.

Әлеуметтік және инфрақұрылымдық мәселелерді шешуге аудан бюджеті маусым айында 32%-ға ұлғайып, 29,1 млрд теңге болды. Қаражат инженерлік желілерді жаңғыртуға, көлік жүйесін дамытуға және қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруға бағытталған.

6,3 км су құбыры желілерін қайта жаңарту Бостандық ауданының 80 мың тұрғынын сапалы ауызсумен қамтамасыз етті.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесу барысында инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту барысы туралы баяндады. Биыл пілде айында Жароков, Науаи, Тимирязев, Сәтбаев, Марков көшелері мен «Алмагүл» ықшамауданында 6,3 км су құбырды жаңғырту жұмыстары аяқталды. Бұл 80 мыңға жуық аудан тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Осы жылдың қазан айында Жандосов, Бұқар жырау, Тимирязев көшелері мен «Орбита-2» ықшамауданында тағы 1 км су және кәріз желілерінің жаңғырту жұмыстары аяқталады.

2025 жылдың II тоқсанында «Ерменсай» ықшамауданын тұрақты сумен қамтамасыз ету үшін жаңа су жинағыштың құрылысы жоспарланып отыр. Сондай-ақ, сол кезеңде «Нұрлытау» ықшамауданында 62 км су және 34 км кәріз желілерін салу басталады. Бұл жобалар Бостандық ауданының оңтүстік бөлігіндегі 25 мыңнан астам тұрғынды сапалы ауызсумен қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, жылыту маусымы басталғанға дейін Қожанов, Серкебаев, Ескараев, Байқадамов, Жандосов, Манас, Байзақов көшелерінде және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аумағында 5,3 км жылу желілерін қайта жаңарту аяқталады.

Тұрғындар өтініші ескерілді

Алматының Бостандық ауданында тұрғындардың өтінішімен жол қиылыстарына 8 бағдаршам орнатылды. Шаһар әкімі ауданның жол инфрақұрылымын жаңғырту және жолаушылар тасымалы сапасын арттыру жұмыстары туралы баяндады.

Қала басшысы жыл басынан бері 14 кө-

шеде 12,5 км жолдың орташа жөндеуден өткенін, қазан айының соңына дейін тағы 19 көшеде 17,5 км жолдың жөндеуден өтетінін хабарлады. Ағымдағы жөндеу аясында 69 көшеде 22 мың шаршы метр жол жөнделді, қараша айының соңына дейін тағы 8 мың шаршы метр жол жөнделеді деп жоспарланған.

«4 көшеде 1,7 км тротуар салу жұмыстары жүргізілді, алдағы айларда тағы 6 магистральдық көшеде 1,8 км тротуар салу жоспарланып отыр. Аудан тұрғындарының өтінішімен реттелмеген жол қиылыстарына 8 бағдаршам орнатылды», – деді Ерболат Досаев.

Қоғамдық көлік қызметінің сапасын арттыру туралы айта келе, Алматы қаласының әкімі биыл 10 бағыт бойынша автобустар жаңартылып, көлік саны 157-ден 180 автобуска дейін артқанын хабарлады.

Сондай-ақ, Бостандық ауданындағы 7 мектептің 760 оқушысы «Мектеп автобусы» жобасымен қамтылған, ал жаңа оқу жылының басынан бері мектеп автобустарының саны 17-ге дейін артты.

Айта кету керек, жалпы Алматыда биыл 250 км болатын 274 көше орташа жөндеуден өтеді. Осылайша жақсы және қанағаттанарлық жағдайда тұрған жолдардың үлесін 92%-ға жеткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, жергілікті бюджет есебінен газбен жүретін 600 автобус, 100 электробус және 112 троллейбус сатып алынады.

4 мың орынды екі «Жайлы мектеп» салынады

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша басталған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асыру аясында ауданда 4 мың орынды екі жаңа мектеп салынууда. Қала әкімі атап өткендей, Егізбаев көшесіндегі 2500 орынды мектепті келесі оқу жылы басталғанға дейін пайдалануға беру жоспарлануда. Розыбакиев көшесіндегі 1500 орынды екінші мектеп 2024 жылдың соңына дейін аяқталады.

Естеріңізге сала кетейік, Алматыда қалалық әкімдіктің жобалық кеңсесінің қолдауымен жүзеге асырылатын «Жайлы мектеп» жобасы аясында 36,8 мың орынды 22 мектеп жұмыс істейтін болады. Бірінші мектеп осы жылдың 1 қыркүйегінде Әуезов ауданында №97 ескі мектеп-гимназия орнында ашылды. Білім беру нысандарын жаңғырту үшін биыл 5 оқу орнын сейсмикалық күшейтумен күрделі жөндеу жоспарланған. Оның ішінде №70 жалпы білім беретін мектепте жөндеу жұмыстары аяқталды, ал №138 гимназияда осы жылдың қазан айында аяқталады.

Қыркүйек айында №189 және №191 жалпы білім беретін мектептерде жұмыс бастал-

ды, олар 2025 жылдың тамызында аяқталады. №73 мектепте 2025 жылдың соңында аяқталатын 450 орынды қосымша құрылысымен жөндеу жоспарланған.

Осы жылдың маусым айында Бостандық ауданындағы Манас көшесінде тәулігіне 500 пациентке арналған «Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының» жаңа ғимараты ашылды.

Мекемеде 26 реанимация және қарқынды терапия төсегі, 4 операциялық блок, сондай-ақ диагностикалық бөлімше бар. Ғимарат халықаралық стандарттарға сәйкес салынған.

Бұл балалар стационары 1965 жылы салынған және С.Д.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ Педиатрия кафедрасының клиникалық базасы. Мұнда Алматыдан ғана емес, Қазақстанның барлық өңірінен келген балалар ем алады. Мекеме өңеш атрезиясы, диафрагматикалық грыжа, рахишизис, гастрошизис және т.б. сияқты туа біткен ауруларды хирургиялық ем жасайтын жалғыз орталық.

120 аула жөнделуде

Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша Алматының Бостандық ауданындағы 70 аулаға жөндеу жұмыстары басталды. 50 мыңнан астам адам тұратын аула аумағы жөнделеді.

Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесуде Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аула аумақтарын жаңғырту қарқыны туралы хабарлады. Ауданда қосымша бөлінген 400 млн теңгеге 70 аулаға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жұмыстар 30 мың тұрғынды қамти отырып, қараша айының соңына дейін аяқталады. Сонымен қатар, соңғы рет 2017-2018 жылдары абаттандырылған 50 аула аумағына күрделі жөндеу жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде.

Жайлы қалалық ортаны дамыту аясында қазан айында Абай және Гагарин даңғылдарының қиылысында ауданы 1 га учаскені абаттандыру бойынша жұмыстарды аяқтау жоспарланған. Жеке инвестициялар есебінен 98,7 млн теңге сомасында балалар және спорт алаңдары, иттерді серуендетуге арналған аймақ, демалуға арналған орындар орнатылды, көгалдандыру жүргізілді.

Келесі жылдан бастап жолдағы люктер жаңа стандарт бойынша жөнделеді.

Бұл туралы айтқан Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесу барысында жолдағы сапасыз люктер жайлы сұраққа жауап берді.

«Жолдағы люктерге қатысты барлық мәселе жүйелі түрде шешіледі. Биылға жоспар бар, қаражат бөлінді. Біз қазір люктерді «қалқымалы» түріне ауыстырып жатырмыз, бұл жұмыс 2026 жылдың соңына дейін жалғасады», – деді мегаполис басшысы.

Алматы қашан 100 пайыз жарықтанады?

Алматыдағы сыртқы жарықтандыру үлесі биыл 85%-ға дейін жетіп, 2025 жылы 100%-ға жетеді. Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Бостандық ауданы тұрғындарының сұрағына жауап беру кезінде айтты.

«Әр аудан бойынша жарықтандырылмаған көше бар. Бізде сол көшелерді жарықтандыруға арналған бағдарлама бар. Бостандық ауданында мұндай 54 көше бар. Бұл мәселе «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы немесе тікелей қаржыландыру арқылы шешіледі. Сонымен қатар, «Алматы қала жарық» қызметінің тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылданды. Тұрғындардың өтініші ескерілді. Көшелер мен аулаларды жарықтандыруға бөлінген қаражат аудандарға бөлінді», – деп қала әкімі жағдайдың айтарлықтай жақсарғанын, бірақ әлі де жетілдіру қажет екенін айтты.

ТҮЙІН: Кездесу екі сағаттан астам уақытқа созылды. Шаһар басшысы тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтардың ешқайсысын жауапсыз қалдырмады. Аудан тұрғындарын мазалаған мәселелерді тыңдап, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар жүктеді.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Жаңа оқу жылының басынан бері мектеп автобустарының саны

17-ге
дейін артты.



Биыл 7 айда ауданға

150 млрд теңгеден
астам инвестиция
тартылды.



2000-ға жуық
сыртқы жарықтандыру
шамдары ауыстырылды.



«Халық қатысатын бюджет»
бағдарламасы бойынша

50 жобаны іске
асыру үшін
2,8 млрд
теңге бөлінді.



50 мыңнан астам
адам тұратын аула аумағы
жөнделеді.

Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



ҚОЛТАҢБА

ӨМІРІН ӨНЕРМЕН ӨРНЕКТЕГЕН

суретші Гаухар Шуақбаеваның шығармашылығына үңілгенде

Гаухар осынау жарық өмір есігін 1970 жылы 1 мамырда, жұма күні іңгәлап ашты. Ол Алматы облысының Нұра ауылында педагог, мектеп директоры Шуақбаев Болатжан Қожахметұлы мен дәрігер-педиатр Есболғанова Нұр Қүсемісқызының отбасында дүниеге келді. Анасы кенжесі Гаухарды «менің жауһарым» деп еркелететін.

ЖАУҒАР ҚЫЗ

Иә, қазақта ежелден келе жатқан, ізі суымаған халықтық игі дәстүрлердің бірі – ұрпағына жарасымды есім беру. Өмір есігін жаңа ғана ашып, өмір табалдырығын енді аттаған нәрестесіне айшықты ат беруге Гаухардың ата-анасы да ерекше мән берген болатын. Қыздарының бойына өмірдің бар жауһарын жиып өсуін тіледі. Шуақбаевтар отбасында Абай, Алтынсарин, Сухомлинский сынды ағартушы-ұстаздардың және басқа да әлемдік әдебиет классиктерінің шығармалары құрметті орын алған үлкен кітапхана болды. Сол кітапхана сөрелері кішкентай Гаухар өскенге дейін балалар әдебиетімен толыға бастады. Әкесі оған күйтабақтар мен халық ертегілерін ғана сатып әкелмей, «Балдырған», «Жас натуралист», «Жас суретші», тіпті «Мурзилка» журналын да сатып алатын. Ал анасы жұмыстан бос уақытында қызының қолына ине ұстатып, қуыршағына көйлек тігуді, тоқуды, сәнді аппликациялар жасауды үйретті. Гаухардың бойындағы осынау киелі өнерге деген жақындығы бір кездері Мәскеу қаласындағы Н.К.Крупская атындағы көркемсурет училищесін бітірген апасы Гүлханымнан дарыған.

ӨЗЕН ЖАҒАСЫНДА

Бүлдіршін Гаухар таңертең таяу маңдағы өзенге қарай жүгіріп кететін. Өзен жағасына отырып алып, кішкентай алақанына дымқыл, балшықты уыстай жинап, содан өзіне және құрбыларына арнап кесе ыдыстарын жасайтын. Сосын сол «кеселерін» қанылтыр қалбырға салып алып, үсті-басы құм-құм, батпақ-батпақ құмырашы қыз үйіне қарай құлдырандап жүгіре жөнелетін. Өйткені, қолындағы қалбырын үйдегі моншаның ыстық пешіне салуы керек.

Бірде әдеттегідей «Қызыл телпек», «Күлшеқыз», «Гулливер» туралы мультфильмдерін көріп болып, ата-анасына тосыннан пианинода ойнағысы келетінін айтты. Әкесі баян сатып әкеліп, осы аспапта ойнап көрші деді. Бірақ бәрін көрсем, білсем, ұстасам дейтін сергек, елгезек, ерке Гаухар наразылық білдіріп, мына бір түймелі үлкен қорапта



ойнағысы келмейтінін, оның орнына скрипка сатып алып беруді талап етті.

КЕМПІРҚОСАҚ

Иә, Гаухар атына сай, кішкентай күнінде-ақ жауһардай жарқырап өсті. Ата-анасы да оның ерекше дарынын байқап, ештеңеден тыймай, бетінен қақпай, қайта енді ұшқындап келе жатқан қабілет-қарымын үрлеп, от болып жануына көмектесті. Ал табиғат аясында, ашық аспан астында, отбасының мейіріміне қанып, еркін қанат жайып өсіп келе жатқан шығармашыл қыз өзін қоршаған барлық дүниені кемпірқосақтың түстеріндей қабылдады. Оның бөлмесі түрлі түсті бояуларға, қарандаштарға, сурет салатын альбомдарға толы болатын. Шыршаға ілінетін түрлі түсті шарларды үгітіп, сындырып, жалт-жұлт өткен сынықтарымен картиналарын әрлейтін. Әйгілі Леонардо да Винчидің өзінің «Кескіндеме туралы» трактатында жазып кеткендей «Суретшінің ақыл-ойы алдында тұрған заттардың түстерін сіңіріп алатын айна сияқты болуы керек». Міне, Гаухардың да өнер деп лүпіл қаққан кішкентай жүрегі түрлі-түсті бояулардан, өзін қоршаған ортадан тек әдемілікті көруге ұмтылды.

ШАБЫТ

Гаухар мектепте оқып жүргенде қабырға газеттерін безендіруге асқан ынтымақпен қатысты, сонымен қатар әкесіне плакаттар мен ұран сөздер жазуға көмектесті. Сөйтіп, өнерге деген осынау құштарлық сезімі оны Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесіне алып келді. Оның тәлімгері, кәсіби шеберлікке баулыған ұстазы Гүлназия Қастеева болды. 1990 жылы Гаухар Шуақбаева Ә.Қастеев атындағы музейде ұйымдастырылған алғашқы «Шабыт» көрмесіне қатысады.

Ал 1992 жылы Қазақ мемлекеттік Өнер академиясына оқуға түседі. Осынау іргелі оқу ордасында түрлі бағытта, атап айтсақ, сәндік мүсін, креативті заманауи портреттер, керамикадан сәндік панельдер жасау, интерьер суреттері, портреттер, достық шарждар, ханымдардың шоперлері мен сөмкелері, кеңселердің, мейрамханалар мен кафелердің қабырғаларын бояу, ыдыс-аяқтарды әрлеу сынды жұмыстарын бүгін де жалғастыруда.

ЭРМИТАЖ ӘСЕРІ

«Керамика» мамандығы бойынша тәлім

ала жүріп, Гаухар Шуақбаева (Қожахмет) өз әлеуетінің барлық қырын, бойындағы өнер жауһарын түрлі жобаларда жарқырата көрсете білді. Мәселен, Қырғызстандағы бір топ суретшілермен болған пленэрде жас Гаухардың болмысы портреттерімен үндестік тауып, көпшілікті тәнті етті. Ал Ленинград Эрмитажында тәжірибеден өткен кезде өнер деген ұлы да нәзік құдіреттің даналықтарының бәрін жанымен сезініп, жүрегінен өткізеді. 2020 жылы БҰҰ-ның Қазақстан-Норвегиялық «Сислаб» жобасына қатысқанда, оның жұмыстары белгілі суретшілердің назарына ілігіп, өнер майталмандары қазақ қызының картиналарындағы туған жерге, халқына деген сүйіспеншілігі асқан шеберлікпен берілгенін атап өтеді.

ҰЛТТЫҚ РЕҢК

Сол өнер сапарынан үлкен әсермен оралған Гаухар кеудесін кернеген ерекше қуанышты, жарқын сәттерін курстасы, болашақ металл өңдеу шебері Нұрбек Бахытпен бөліседі. Академияны бітіргеннен кейін екеуі бас қосып, некелесіп, өмірде де, өнерде де қатар жүзген бақытты жандарға айналады. Иә, өнерін, жанын, ойын, әр қадамын түсінетін, бағалайтын жары барда Гаухар Шуақбаеваның шығармашылығы да одан әрі биіктей түсті. Оның кейінгі жылдары жазылған кейбір картиналары дәстүрлі ұлттық эзотерикалық рәміздер мен метафораларға толы, бояулары қанық, көзді де, көңілді де қуантады, шабыттандырады.

Оның картиналарындағы стилистикалық жады фрагменттері біріктірілген, мозаика түрінде көрініс тапқан. Г.Шуақбаеваның жұмыстары бүгінде Еуропада, Америкада, Австралияда, Жапонияда, Қытайда жеке коллекцияларда сақталған.

«ЖАҢА КҮН»

Биылғы наурызда Г.Шуақбаева «Меркур Алматы-сити» халықаралық қонақүйінде «Жаңа күн» атты жеке көрмесін өткізген болатын. Суретшінің «Жаңа күнін» осы күзде Италия мен Қытайда өткізуге шақырту алғаны тағы бір мәртебе.

Өнер галерея қабырғаларынан әлдеқашан ұзап шығып, шынайы әлемге қанат қаққан. Ал суретші Г.Шуақбаева қазір Алматыдағы әйгілі Арбатта Арт-базарға жетекшілік етеді. Бұл – символдық құндылықтар базары. Бұл рынок суретшілердің жеке тұлға ретінде дамуына қолдау көрсетуге бағытталған. Сондай-ақ, Гаухар Шуақбаеваның Алматы мегаполисінде көркем сурет салу бойынша жазғы шеберлік сыныбын ұйымдастыру жобасы да сәтті жұмыс істеп тұр.

Сәуле ДӘУЛЕТБЕКОВА,
«Жұлдыздар сөнбейді»
жобасының авторы.



#WORLDNOMADGAMES2024

ӘЛЕМ НАЗАРЫНДАҒЫ ДҮБІРЛІ ДОДА

Көшпенділер ойындары – бабалар аманат еткен қастерлі мұра

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан астанасына шет мемлекеттерден келген мәртебелі меймандармен және жұртшылықпен бірге V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының салтанатты ашылу рәсімін тамашалады.

Салтанатты жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы сөз сөйлеп, әлемдік ауқымда өтіп жатқан айрықша маңызды іс-шараға қатысу үшін Қазақстанға келген бауырлас мемлекеттердің басшыларына, мәртебелі меймандарға және спортшыларға шынайы алғысын жеткізді.

Көшпенділер ойыны бабалар аманат еткен қастерлі мұраны көздің қарашығындай сақтап, жас буынға табыстау мақсатынан туған бірегей жоба екенін айтты.

• **Биылғы Көшпенділер ойындарына Азиядан, Еуропадан, Солтүстік және Оңтүстік Америкадан, Африкадан, сондай-ақ Австралиядан спортшылар келді.**

Дүбірлі доданың ашылу салтанатында қазақ жерін мекен ететін түрлі этнос өкілдерінің балалары Қазақстан Республикасының Туын алып шықты. Бұдан кейін еліміздің Әнұраны шырқалды. Қалыптасқан дәстүр бойынша жарысқа қатысушы мемлекеттер спортшыларының шеруі өтті.

«ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫНДА ӨШПЕС ІЗ ҚАЛДЫРҒАН ӨРКЕНИЕТ»

Президент көшпенділер өркениеті дүние жүзі тарихында өшпес із қалдырған өркениет екенін айрықша атап өтті.

– Ұлы дала көшпенділері ежелден байтақ Еуразияны мекен еткен. Олар жаһандық даму үдерісін тубегейлі өзгеріс әкелді, сол замандағы озық технологияның иесі болды. Көшпенділер бес мың жыл бұрын бұйымдар жасап шығарды. Дүниені дүбірлеткен салт аттылар мәдениетін қалыптастырды. Қуатты қару-жарақ пен газсайып зергерлік бұйымдар жасап шығарды. Сақ дәуірінің Алтын адамдары – соның айқын дәлелі. Қазақ жерінен ал-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи сынды ғұламалар шыққан. Олар ғұлымның дамуына орасан зор үлес қосты. Біздің бабаларымыз алып мемлекеттер құрды, үлкен қалалар салды. Ұлы далада Отырар, Түркістан, Тараз, Сарайшық сияқты сәулетті шаһарлар бой көтерді. Көшпенді жұрт батыс пен шығысқа көпір болып, түрлі мәдениеттің жақындасуына әсер етті. Осы жерде ежелгі Ғұн империясы, одан соң Түрік қағанаты салтанат құрды. Олардың даңқты жолын Алтын Орда мен Қазақ хандығы жалғастырды.

Он жыл бұрын осы жарысты алғаш ұйымдастырған қырғыз бауырларға алғыс айтамын. Бұл – ұлттық спорт түрлерінен өтетін әлемдегі ең ірі дода. Оны Көшпенділер олимпиадасы деуге болады. Бұл ойындар дала өркениетін жер жаһанға паш етеді. Спорт – өзара құрмет пен сыйластық символы. Спорттың басты миссиясы – халықтар достығын нығайту. Қазақстан бүкіл әлемге бейбітшілік пен келісім мекені ретінде таныл. Елімізде түрлі этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Біз алыс-жақын шетелдің бәрімен тығыз байланыс орнаттық. Басқа

мемлекеттер де өзара достық қатынаста болғанын қалаймыз. Сондықтан Көшпенділер ойындары ынтымағымызды бекемдей түспек, – деді Мемлекет басшысы.

Төрткүл дүниені жайлаған көшпенділер өркениетінің бай мәдениеті мен тағылымды тарихын, салт-дәстүрін паш етіп, адамзат баласын ортақ үйіміз – Жер ананы сақтауға үндеген ашылу салтанаты бірнеше эпизодқа ұласты.

«Астана Арена» стадионында өткен шараға Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түркіменстан Халк Маслахатының



төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Татарстан Республикасының Раисы Рустам Минниханов, Саха Республикасының басшысы Айсен Николаев, Моңғолияның бұрынғы президенті Энхбаяр Намбарын, Дүниежүзілік этноспорт конфедерациясының президенті Біләл Ердоған, сондай-ақ ЮНЕСКО, АӨСШК, БҰҰ Дүниежүзілік туризм ұйымы, Түркі мемлекеттері ұйымы, ТҮРКСОЙ, Түркі инвестициялық қоры, Түркі мемлекет-

терінің Парламенттік ассамблеясы, Ислам спорт қауымдастығы, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының басшылары, Еуропа Одағының Орталық Азиядағы арнайы өкілі және басқа да ресми тұлғалар қатысты.

Салтанатты жиында V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын ұйымдастыру комитетінің төрағасы Роман Скляр, Дүниежүзілік этноспорт конфедерациясының президенті Біләл Ердоған сөз сөйледі.



ЖАҒАНДЫҚ ДОДА КҮНДЕЛІГІНЕН

- Астанада өтіп жатқан V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу салтанатында Қазақстанның мәдени мұрасы, мемлекет дамуының маңызды белестері қамтылған қойылымды 20 мың көрермен тамашалады. Көшпенділер мен қазақ халқының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихын баяндайтын қойылымда бірнеше жүз адам жеті қазына мен шаңырақ, ақ жазулықты ана мен ұлттық құндылықтарды таныстырды. «Астана Арена» стадионындағы салтанатты іс-шараға 3 мыңға жуық өнерпаз қатысты.
- 90-ға жуық елден келген 2000-нан астам спортшы спорттың 21 түрінен 97 медальды сарапқа салады.
- Ашылу рәсімінде Қазақстанның халық әртісі Димаи Құдайбергелі «Киелі мекен» әнін, ҚР Құрметті қарауыл ротасы мен «Абырой» тобы «Рух» әнін орындады. Сондай-ақ, Қазақстанның халық әртісі Роза Рымбаева мен эстрада жұлдыздары Назым Сағынтай, Айгерім Алтынбек, Ayree, Евгений Чайников ән шырқады.
- Дүбірлі додада ел намысын 216 спортшы қорғауда.
- V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына 20 мемлекеттен 1600 волонтер келді.

АЛҒАШҚЫ НӘТИЖЕЛЕР

- «Қазанат» ипподромы маңындағы этноауылда спортшылар жамбы ату спорт түрінің Мажар стилі бойынша алғашқы медальдар сарапқа салынды. Оған әлемнің 30-ға жуық елінен келген шабандоздар іріктеуден өтті. Жамбы ату – ат үстіндегі дәстүрлі садақ ату спорты. Қазақстан құрамасы сапында Айтбек Сарыбай, Ералхан Айкөз, Батыр Бексауыт, Абзал Тулыбеков бар.
- Жамбы атудан Азия стилі бойынша Батыр Бексауыт алтын алды. Айтбек Сарыбайға – күміс, Ералхан Айкөзге – қола жүлде бұйырды.
- «Қазанат» ипподромында өтіп жатқан көкпар бәсекесіне 9 мемлекеттің құрамасы қатысып жатыр. Бұл спорт түрінен барлығы 104 спортшы сынға түседі. Көкпардан ұлттық құрама Өзбекстанды айқын басымдықпен жеңді. Аламанды қазақ көкпаршылары 16:0 есебімен жеңіске жетті. Финалдық ойындар 12 қыркүйек күні «Qazsport» телеарнасынан көрсетіледі.
- Көшпенділер ойындарында қазақ күресінен 41 мемлекеттен 274 спортшы қатысады. Аталмыш спорт түрінен ерлер мен әйелдердің әрқайсы 8 салмақ дәрежесінде сынға түседі. Қазақстандық спортшылар Мейіржан Берекетов, Дидар Тұқышев, Жұмажан Қожамбеков, Айжан Жылқыбаева, Рауза Нұрмахамметова, Бақыт Құсақбаева мен Назерке Азаматова өз салмақ дәрежелерінде жеңімпаз атанды.
- Бекжан Төлепов қазақ күресінен көшпенділер ойындарының жеңімпазы.
- Қазақстан ұлттық құрамасының үш спортшысы – Ермек Құралбай, Алмат Ләтінбек және Дарын Өткелбай аударыспақтан көшпенділер ойындарында алтыннан алқа тақты.
- Дәстүрлі садақ атудан Жәнібек Құлмырзаев көшпенділер ойындарының жеңімпазы, Қанат Қасымхан мен Айкөркем Батихан қола жүлдегер атанды.
- Бірімжан Асылмұрат пен Тахмина Қожамбердиева мас-рестлингтен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының қола жүлдесін қанжығалады.
- Көк бөріден Қазақстан құрамасы топ жарды. Кешегі додада олар АҚШ құрамасын 18:0 есебі бойынша айқын басымдықпен жеңіп, алғашқы кезеңді сәтті бастады.
- Қураштан Альбина Бахиева Көшпенділер ойындарының жеңімпазы атанса, Марат Байкамушев пен Ажар Салықова күміс жүлдегер атанды, ал Ерзат Арғынов қола медаль ениіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөздер: www.akorda.kz; worldnomadgames.kz;

«Ұлттық және ат спорт түрлері орталығының»

баспасөз қызметі).



КЕҢЕС

ҮЙІРМЕЛЕРГЕ БАҚЫЛАУ
КҮШЕЙТІЛЕДІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жеткізушілердің жауапкершілігін арттыру жөнінде кеңес өткізді. Биыл шығармашылық және спорттық мемлекеттік тапсырысты іске асыруға шамамен 16,5 млрд теңге бөлінді. Үйірмелер мен секцияларға 72 633 бала қатысып, қызметті 1038 жеткізуші көрсетеді.



Қызмет көрсету сапасын тексеру мақсатында арнайы мониторинг тобы құрылып, құрамына Қоғамдық кеңес мүшелері, мәслихат депутаттары, аудан әкімдіктерінің өкілдері және белсенді азаматтар кірді. Мониторинг барысында қала аудандарында жұмыс істейтін 52 жеткізуші тексерілді. Соның нәтижесінде мекенжайлардың нақты болмауы, балалар санының сәйкес келмеуі, қосымша төлемдер алу, антисанитария және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау сияқты бұзушылықтар анықталды. Міндетіне салғырт қараған жеткізушілердің ісі құқық қорғау органдарына және прокуратураға жіберілді.

Мониторинг нәтижесінде қайталанатын бұзушылықтарды болдырмау үшін бірқатар шешім қабылданды. Қатысуды бақылауды күшейту үшін FaceID жүйесі енгізіледі. Бұл жүйе баланың әрбір сабаққа қатысуын тіркеп, тек нақты көрсетілген қызметке ғана төлем жүргізуге мүмкіндік береді. DamuBala қосымшасында күн, уақыт және геолокация тіркеледі. Жүйені енгізу және оның жұмыс істеу шығыны жылдың соңына дейін қалалық бюджет есебінен өтеледі. Жеткізушілер аудан әкімдіктерімен қосымша келісімдерге қол қояды. Сонымен қатар, бағдарламаны одан әрі жетілдіру және көрсетілетін қызметтің сапасын арттыру

үшін жаттықтырушылар мен нұсқаушылардың біліктілігіне, ғимараттардың өлшемдері мен жабдықталуына, қауіпсіздік техникасына қойылатын талаптар әзірленіп, жеткізушілермен жасалатын келісімдерге енгізіледі. Сондай-ақ, қаланың 8 ауданында білім беру қажеттілігіне талдау жүргізіліп, сол негізде қызмет түрлеріне сұраныс қалыптастырылады. Бұрын көрсетілген қызметтерге төлем жасау мәселесі көтерілген болатын. Қала әкімінің тапсырмасына сәйкес, орындалған жұмыстар актісі тексерілгеннен кейін барлық жауапты жеткізушіге жақын арада тиісті төлем жүргізіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖОБА

АЛЬПИНИСТЕР

құтқарушыларды экстремалды жағдайларда жұмыс істеуге үйретуде

2024 жылдың 5 қыркүйегі мен 1 қазан аралығында «Тұйық-су» альпинистік лагерінде Республикалық жедел-құтқару отрядының құтқарушыларына «Бастапқы дайындық» бағдарламасы бойынша оқыту жұмыстары өтеді. Оқыту Алматы қаласының Альпинизм федерациясының тәжірибелі нұсқаушыларының жетекшілігімен жүргізіліп жатыр. Жобаны ұйымдастырушы – Алматы қаласының туризм басқармасы.

Оқу бағдарламасы құтқару операцияларының негізгі принциптері мен әдістерін меңгеруге, сондай-ақ төтенше жағдайларда ұйымдастыру және басқару дағдыларын дамытуға бағытталған теориялық және практикалық сабақтардан тұрады. Теориялық дайындық барысында құтқарушылар құтқару операцияларын жоспарлаудың негізгі аспектілерін, тәуекелдерді бағалауды, арнайы альпинистік құрал-жабдықтарды қолдануды және таулы жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету техникасын үйренбек. Құтқару топтары арасындағы өзара байланысқа және іс-қимылдарды үйлесімді жоспарлау мәселелеріне айрықша назар аударылады. Практикалық дайындық нақты таулы рельеф жағдайында 1-2 күрделілік деңгейіндегі Іле Ала-тауының классификацияланған альпинистік маршруттарында

3-разряд нормативін орындау арқылы өтеді. Бұл құтқарушыларға қол жетімсіз және экстремалды жағдайларда жұмыс істеу үшін қажетті дағдыларды алуға мүмкіндік береді. Жаттығулар беткейлерге көтерілу және түсу, зардап шеккендерді эвакуациялау, арқан және басқа да арнайы альпинистік құрал-жабдықтарды қолдану арқылы құтқару операцияларын жүргізуге бағытталған. «Бастапқы дайындық» бағдарламасы бойынша құтқарушыларды дайындау – Алматы таулы аймақтарында туристердің қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді. Оқыту нәтижесінде құтқарушылар кез келген төтенше жағдайларға жедел жауап беріп, мегаполис қонақтары мен тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САНИТАРЛЫҚ ӨНДЕУ

АТЖАЛМАНДАРМЕН
КҮРЕС

Алматыда күзгі дератизация шамамен 50 мың га аумақты қамтиды

Алматыда 2024 жылы 25 қазанға дейін күзгі жаппай дератизация жүргізіледі.

Дератизация екі кезеңде жүзеге асырылады: көктемде және күзде. Бұл санитарлық шаралар кеміргіштер санының төмендеуіне ықпал етіп, жұқпалы аурулардың таралуын болдырмайды. Жұмысты «Эко Сервис» ЖШС мердігер ұйымы кеміргіштердің ашық мекендейтін жерлерін камтып, Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының тапсырысы бойынша ұйымдастырады. Іс-шара аясында қоғамдық жерлердегі аумақтарды, өзендердің, су айдындарының жағалауын, сондай-ақ жалпы ауданы 50 мың гектарға жуық жеке тұрғын үйлердің жер учаскелерін өңдеу жоспарланған. Кеміргіштермен күресте барынша тиімділікке қол жеткізу үшін басқарма барлық заңды тұлғаны, МИБ, ПИК, қарапайым серіктестіктерді және ғимараттар мен аумақтардың иелерін осы учаскеде жаппай дератизация жүргізіп, бір мезгілде дератизациялау жұмыстарын ұйымдастыруға шақырады. Алматы қаласының аумағында жаппай дератизациялаудың күзгі туры өткізу кестесі aqshamnews.kz жарияланды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

KITAP FEST ALMATY

АЛМАТЫДА КІТАП ФЕСТИВАЛІ ӨТЕДІ

«Kitap Fest» кітап фестивалі – бұл жыл сайын еліміздері ірі мегаполисте кітап сүйер қауымды бір мезетте қауыштыратын алматылықтардың өміріндегі айтулы мәдени-бұқаралық шара. 2014 жылдан бері өткізіліп келе жатқан жоба биыл өзінің 10 жылдық мерейтойын атап өткелі жатыр. Биылғы фестиваль жылдағыдай қала күніне орайластырылған.

14-15 қыркүйек (екі күн қатарынан), Алматы қаласы, Арбат алаңында «BAURZHAN foundation» қорының ұйымдастыруымен, Алматы қаласы әкімдігі Мәдениет басқармасының және Алматы қаласы орталықтандырылған кітапхана жүйесінің қолдауымен Kitap Fest Almaty кітап фестивалі өтеді. «Kitap Fest» – Қазақстандағы алғашқы және бүгінгі күнге дейін ең ірі кітап думаны саналады. 10 жыл ішінде фестивальге 70-тен астам баспалар мен кітап дүкендері қатысып, белгілі қазақстандық авторлар мен баспалардың қатысуымен 500-ге жуық кітап таныстырылды. Биылғы жылы «Kitap Fest Almaty» бағдарламасы ерекше. Фестиваль екі күн қатарынан өтеді. Тақырыбы да заманауи «Келешек кітабы». Екі күн бойы келушілерді ауқымды мәдени бағдарлама, қазақстандық жазушылармен және танымал тұлғалармен кездесу, кітап алмасу, көптеген жаңа кітаптардың тұсаукесері, кітаптар көрмесі, шеберлік сыныптары, байқаулар, өлең оқу, балаларға арналған танымдық бағдарлама, мұнымен қоса отандық баспагерлер мен кітап дүкендерінің қатысуымен өтетін үлкен кітап жәрмеңкесі күтеді. Сонымен қатар, фестивалде дәстүрлі «Ауылға кітап» акциясы өтеді, онда кез келген адам кітапты Қазақстанның ауылдық кітапханаларына тапсыра алады.

KitapFest Almaty 2024 аясында:

- «Жазушылар шатыры». Жаңа кітаптардың тұсаукесері, авторлар мен жазушылармен сұхбат.
- «Қазақ қаламгерлері». Қазақтілді жазушылардың отандық әдебиеттің дамуы туралы баяндамалары.
- «ZHAS ALASH» шатыры. Қазіргі қоғамның жас көшбасшылары кітап оқудың пайдасы туралы пікір айтып, сүйікті шығармаларымен бөліседі.
- «Kitap FEST WOMEN» шатыры. Әртүрлі салада жетістікке жеткен әйелдердің дәрістері мен табысқа жетудің құпиялары және т.б.



- **Кітап жәрмеңкесі.** 60 жетекші баспа мен кітап дүкендері өз кітап өнімдерін 40%-ға дейінгі жеңілдікпен ұсынады.
- **Сирек кітаптар көрмесі.** Қазақстанның Ұлттық академиялық кітапханасымен бірлесіп ұйымдастырылған кітаптар көрмесі.
- **Иллюстраторлар көрмесі.** Үздік 35 иллюстратордың жұмысы ұсынылады.
- «Оқырман ұлттық ұрпағымыз» көрмесі. Мерейтойлары атап өтілетін тұлғалардың мұрағаттық фотосуреттерінен фотоколлаж.
- **Елшіліктер көрмесі** – робототехника бойынша шеберлік сыныптары, speaking club.
- «Кітап алмасу». Өз сөреңізді әртүрлі жанрдағы қызықты кітаптармен толықтырудың бірегей мүмкіндігі.
- **Жыр терапиясы** – Жас ақындардың өнері, поэзия кеші.
- **Зияткерлік ойындар** – 3 сұраққа жауап бер де, сыйлық ұтып ал!
- **Балаларға арналған ойын-сауық.** (Аниматорлар, шеберлік сыныптары, бет бояуы, тәттілер, түрлі байқаулар).
- **Ұтыс ойындары** – 1 млн теңгеге 100-ден астам кітап сертификаттары ойнатылады.
- «Ауылға кітап» акциясы – Фестиваль аясында барлық жиналған кітап ауылдық мектептерге жіберіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЖОЛДАУҒА – ҚОЛДАУ!

Жанар ЖИЕНБАЕВА,
№8 қалалық емхана
директоры:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған жуырдағы «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында тоғыз басымдық айтылды. Онда еліміздің дамуы, халықтың бақуатты өмірі үшін өзекті болып саналатын маңызды мақсат-міндеттер айқындалды.

Халыққа сапалы қызмет көрсету – бізге парыз

Денсаулық саласына да айрықша мән берілді. Иә, бұл бағдарламалық құжат елдің алдағы даму перспективаларын айқындап берді.

Менің ойымша, еліміз өсіп, өркендесе екен дейтін әрбір тілеулес азамат Жолдаудан өзі үшін ең маңызды тезисті таба алатынына сенімдімін. Президенттің әрбір нақты, шегелей айтылған сөзі еліміздің және азаматтық қоғамның одан әрі дамуына маңызды ынталандыру болып табылатыны анық.

Медицина саласы жыл сайын қаржыдан кенже қалып жатқан

жок. Оған бөлінетін қаражат көзі жыл санап еселеніп өсуде. Сондықтан халыққа сапалы қызмет көрсету – бізге парыз.

Жолдаудың денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамыту тұрғысындағы маңызды аспектісі – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды одан әрі дамыту, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігін жетілдіру, бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпараттық жүйені құру және медициналық білім беру сапасын жақсарту. Сондықтан бізді жүйелі істелуге тиіс жұмыстар күтіп тұр.

ҚОҒАМДЫҚ ТАЛҚЫЛАУ

АЭС САЛУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕКОВ

Әлеуметтік қызметтер үйінде Алматы қаласы Қоғамдық кеңесі төралқасының кеңейтілген отырысы өтті.

Досбол
АТАЖАН

Отырыс барысында Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің төрайымы Алтынай Көбеева АЭС салуы мәселесіне байланысты референдум өткізудің қажеттілігін айтып, осы тақырыпты ортаға салды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қайыржан ӘБДІХАЛЫҚОВ,
Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі,
Алматы Азаматтық Альянсының төрағасы:

БҮЛ – ӨТЕ МАҢЫЗДЫ ШАРА

Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында 6 қазан күні болатын референдум туралы жария етті. Әрине, бұл – өте маңызды шара. Өйткені, референдум арқылы біз халық үніне құлақ асып, азаматтардың АЭС салу мәселесін қаншалықты қолдайтынын көреміз. Басқа мемлекеттерде жеке тұлға не үкімет қана осындай шешімдерді қабылдайды. Ал біздің елде жыл бойы 20 өңірде жария талқылаулар өтті. Яғни бізде үкімет өз бетінше ғана емес, халықпен бірге осы шешімді қабылдайды.

Әкімжан АРУПОВ,
Референдум өткізуге байланысты Алматы қаласы
Қоғамдық кеңесінің мүшесі, экономист:

ЭКОНОМИКАНЫҢ ӨРКЕНДЕГЕНІН ҚОЛДАЙМЫН

Президент және үкімет Қазақстан халқының пікірін білу үшін соңғы 3 жылда екінші рет референдум өткізілгелі жатыр. Президент өз сөзінде Әділетті Қазақстан құрудың басында екенімізді атап өтті. Осындай саяси қадамдар әділетті қоғамның іргетасын қалап жатыр. Мен экономист ретінде Қазақстан экономикасының өркендегенін қолдаймын. Әлемде 400-ден астам АЭС бар және атом реакторы біздің еліміз үшін де жаңалық емес. 1970 жылдардан бастап Ақтау қаласында атом реакторы қолданылды.

МӘМС

Сақтандырылған азаматтар

көптеген қызметті тегін пайдалана алады

Алматыда 1,7 млн-ға жуық адам сақтандырылған. Тағы 503 мың алматылық тұрғын түрлі себептерге байланысты міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінен сырт қалып отыр, деп хабарлайды Қордың Алматы қалалық филиалы сарапшылары. Айтуларынаша, медициналық көмекті толыққанды пайдалану үшін қазірден бастап сақтандыру статусына ие болуды ойластырған жөн. Себебі, сақтандырылған азаматтар МӘМС пакеті арқылы көптеген қызметті тегін пайдалана алады.



(Сурет: inbusiness.kz)

Толық ақпаратты eGov порталынан ала аласыз

Сіз егер ресми жұмыс істейтін болсаңыз, жұмыс беруші тарапынан жасалған төлемдер жайлы толық ақпаратты eGov порталынан ала аласыз. Ол үшін «Медициналық қызметтерді тұтынушы және МӘМС жүйесіне аударылған аударымдар мен (немесе) жарналар туралы ақпарат беру» деп аталатын онлайн-қызмет тетігін басасыз.

Бірінші мысал. Жәнібек бұл мекемеде 2022 жылдан бері еңбек етеді. Ай сайын жалақысынан салықтың барлық түрі, соның ішінде МӘМС жарнасы да ұсталады. Ендеше, оның статусы «сақтандырылған» болуы шарт. Бірақ мекеме есепшісі 2024 жыл басында белгілі бір себептермен оның атына екі айға жарна аудармағандықтан ол сақтандыру статусынан айырылып қалды. Мұндай жағдайда жұмыс беруші сол екі айдың берешегін өтеуі тиіс.

Екінші мысал. Айгүл қазіргі жұмыс орнына 2024 жылдың қаңтарында орналас-ты. Яғни МӘМС жарнасы мен аударымда-

ры да сол кезден бастап аударыла бастады. Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы арқылы тексерген кезде ол өзінің «сақтандырылмағанын» білді. Бұған не себеп? Себебі, ол жұмысқа тұрғанға дейін ешқандай жарна аудармаған болатын. Заң бойынша, жұмыс істейтін азаматтар «сақтандырылған» болуы үшін соңғы 12 айға төлем жасалған болуы тиіс. Яғни Айгүл осы айда статуска ие болу үшін былтырғы тамыз-желтоқсан айлары үшін дербес төлеуші ретінде жарна аударуы тиіс. 2023 жылға белгіленген жарна мөлшері 3500 тг.

АҚК бойынша еңбек ететіндер

Азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететіндер МӘМС жүйесіндегі статусын өз бетінше қадағалап отырмай абзал. Себебі, ол үшін жарнаны салық агенті, яғни жұмыс беруші төлейді. Жарна АҚК негізінде еңбек ететін азаматтың жалақысынан ұсталады, жарна

келісім-шарт бойынша қызмет көрсеткен мерзім үшін ғана аударылады.

Мысал: Әлібек 2024 жылы наурыз-шілде аралығында АҚК негізінде еңбек етті. Осы уақыт ішінде салық агенті оның жалақысынан 2% ұстап, Қорға аударып отырды. Бірақ «сақтандырылған» статусын алу үшін өткен 12 ай ішінде жұмыс істемеген айлар үшін дербес төлеуші ретінде жарна аударуы тиіс. 2023 жылға белгіленген жарна мөлшері 3500 тг.

Екі тәсіл

Көптеген жеке кәсіпкерлер (ЖК) арасында: «Егер ЖК нысаны табыс таппаса МӘМС жарнасын төлеудің қажеті жоқ» деген жаңсақ пікір қалыптасқан. Сақтандыру туралы заң бойынша жеке кәсіпкерлер табысы болмаса да МӘМС жарнасын төлеуге міндеттелген (жарна мөлшері 1,4 ең төменгі жалақының (ЕТЖ) 5% немесе 2024 жылы 5950 тг). Сондықтан табысы жоқ кәсіпкерлік субъектісінің жұмысын

ресми түрде тоқтатқаны дұрыс. Сонда жеке кәсіпкер МӘМС жарнасын төлеуден босатылады.

Филиал өкілдерінің сөзінше, алматылықтар арасында МӘМС енгізілгелі бері бірде-бір рет сақтандырылмаған азаматтар да бар. Олардың алдағы немесе өткен 12 айға жарна төлеу арқылы сақтандыру жүйесіне қосылуға мүмкіндігі бар, дейді Қор өкілдері.

Бірінші тәсіл: Алдағы 12 айға жарна төлеп, бір жылға сақтандыру статусын алу. Осы айда жүйеге кіру үшін 2024 жылдың қыркүйегінен 2025 жылдың шілдесіне дейінгі аралық үшін дербес төлеуші ретінде жарна аудару. Ай сайынғы жарна мөлшері 4250 теңгені, бір жылдың сомасы 51 мың теңгені құрайды.

Екінші тәсіл: Өткен 12 айға жарна аудару. Бұл негізінен, өткен жыл ішінде бірнеше айға жарна төлеген (жұмыс істеген) азаматтар үшін тиімді. Ондайда пациент төленбей қалған айлардың берешегін ғана жабады.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМДАМА

«АЛМАТЫ МЕКТЕБІ» БАҒДАРЛАМАСЫ:

СИНГАПУР САПАРЫ

біліктілікті арттырып, сапалы білім беру тәжірибесін қалыптастырады

Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс VIII сессиясы 2021 жылғы 21 маусымда «Алматы қаласы білім беру қызметкерлерінің кадрлық әлеуетін дамыту үшін «Алматы мектебі» бағдарламасын бекіту туралы» №76 шешім қабылдаған еді. Жалпы, бұл бағдарламаға кірудің міндетті шарты 3 маманнан тұратын топты оқыту болды. Мәселен, мектеп директоры, екі оқытушы немесе мектепті дамыту мәселелері бойынша шешім қабылдайтын мұғалім/маман. Қазіргі таңда «Алматы мектебі» білім беру бағдарламасы төртінші жыл қатарынан жүзеге асып отыр. Осы бағдарлама аясында Алматы қаласының педагогтары кәсіби біліктіліктерін арттыру үшін Финляндия, Швейцария, Сингапур, Англия, Грузия, Жапония сынды елдерде арнайы тағылымдамалардан өтіп қайтты. Қаламыздағы №141 жалпы білім беретін мектептің директоры Балжан Үмбетова мен №173 мектеп-лицей директоры Ләйлә Бәйімбетова сапар барысында көзбен көріп, көңілге түйгендерін ортаға салды.



линг Джаядағы» жекеменшік университетте болды. Аталмыш оқу ордасын ең алғаш 1984 жылы ғалымдар тобы қоғамдық колледжі ретінде ашып, университет мәртебесін тек 2016 жылы алған екен. Дегенмен, сан алуан оқу бағытын қамтитын білім ордасы «Жасанды интеллект» бағыты бойынша 1972 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан көрінеді. Ал «VUCA» деп аталатын арнайы білім беру стратегиясын 2019 жылғы пандемиядан кейін ойлап тапқан. Бұның ерекшелігі сол – білімді тұрақсыз жағдайда да үздіксіз беруге мүмкіндік береді.

– Білім сапарымыз «Малайзия Британдық» жекеменшік мектебінде жалғасты. Бұл – 2009 жылы Куала-Лумпур қаласында ашылған күндізгі орта мектеп. Оқыту ағылшын тілінде өтетін аталмыш оқу орны әлемнің 30 елінде 70-тен астам мектепті біріктіретін және Global Campus эксклюзивті платформасына қосылған, беделді Nord Anglia тізбегіне жатады.

Сапар барысында көптеген пайдалы тәжірибе жинақтадық. Өз басым әр оқу орнының өзіндік білім беру тактикасын байқадым. Мұнда гимназия, лицей, қарапайым мектеп деп типке бөлінбейді екен. Яғни барлығының білім мәртебесі бір деңгейде, ал адам капиталы басты құндылық саналады. Мемлекеттің бас-

ты байлығы – табиғи ресурстар емес, адам. Сонымен қатар, жастарды қуатты ұлт дінгегі деп танып, олардың бойына адамгершілік қасиеттерді, эстетикалық тәрбиені сіңіруге, оны дамытуға ден қойған.

Тағы бір үлгі тұтар өнегесі – ер-азамат үшін зейнет жасындағы ата-анасын бағып-қағу Отан қорғаумен паратар борыш саналады екен. Сондай-ақ, білім алушыларды еңбексүйгіштікке, жаңашылдыққа, бастама жасауға, білімді өз бетінше алуға, өнертапқыштыққа баулып, жаңа технологияны, цифрлық сауаттылықты меңгеруге, тамақтану мәдениеті, спорт, өнер мен ғылымды өркендетуге шақыруы да тамаша үрдіс деп қабылдадым, – дейді Балжан Үмбетова.

– Тағы бір байқағанымыз, Сингапурде қоғамдық даму жүйесі өз алдына толыққанды қалыптасыпты. Білім саласын алар болсақ, мысалы, мектептегі пилоттық жобалар алдымен мектеп әкімшілігінде қаралып, қабылданып, одан кейін ғана тиісті органдарға қабылдауға жіберіледі. Сол себепті, әр оқушы жекеменшік пән бойынша зерттеу, жобалық жұмыстарын жүргізуге төменгі сыныптан бастап дағыланған.

Осылайша кез келген жобалардың тәжірибе негізінде ғана жүзеге асырыла-

тын алгоритмі орнаған. Мұнда «Аз оқы, көп үйрен» деген ұғым бар. Яғни білім алушыны теориядан меңгерген дүниесін үнемі тәжірибемен ұштастырып отыруға, сөйтіп оны өмірде іске асыруға шақырады. Инклюзивті білім беру дәстүрлі білім беру бағдарламасынан бөліп қараламайды. Бірлескен оқу жүйесі бар. Балалардың әлеуметтік статусы бірдей. Денсаулық жағдайына қарамастан олар жалпы білім беру орындарында бірге оқиды. Яғни әр баланың құқы тең. Белгілі бір топтарға бөлінбейді, – дейді өз әсерімен бөліскен Ләйлә Бәйімбетова.

Мектепте берілетін білім мен тәрбиенің қайнар көзі ұстаздар біліміне, олардың жан-жақтылығына байланысты екені анық. Сондықтан мұндай білім сапарларының біліктілікті арттырып, сапалы білім беру үшін берер пайдасы орасан зор. Дәл қазір Алматының білім жүйесінде Сингапурдың озық оқу орындарында алған тиімді, әрі қолайлы компоненттерді мектептің оқу-тәрбие процесімен сабақтастыру жұмыстарын ұтымды қолдану мәселесі тұр.

Сәтін салса, «Алматы мектебі» бағдарламасы бойынша оқыту барысында әзірленген жобалар мен халықаралық тағылымдамалар нәтижесінде алынған инновациялық әдістемелерді қолдану бойынша жұмыстардың жанданары анық.

ҚАУІПСІЗДІК

Жаңа сабақ енгізілді

Жаңа оқу жылынан бастап, қазақстандық мектептерде жаңа сабақ пайда болады. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, оқу бағдарламасына енгізіліп отырған жаңа пән буллингке қарсы іс-шаралардың бірі көрінеді. «Қауіпсіздік сабағы» атты жаңа пән отандық білімнің сапасын арттыруға, балалар үшін жайлы әрі қауіпсіз орта құруға бағытталып отыр.

Жаңа оқу жылын 87 мың қазақстандық оқушы жаңа мектептерде қарсы алып жатыр. Сонымен қатар, 2024-2025 оқу жылында 536 мың оқушы орнына арналған 302 мектеп пайдалануға беріледі. Қыркүйектен бастап мектепке дейінгі ұйымдарда да ата-аналарға арналған 3,5 мың кеңес беру пункті өз жұмысын бастады. Сондай-ақ, колледждерде оқитын 300 мыңнан астам студенттің шәкіртақысы 50 пайызға артып, 1,7 миллион оқушы мектептерде тегін тамақпен қамтылды.

ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫН

Елімізде дүбірлі дода басталып, қазір оған төрткүл әлем назарын аударып отыр. Осынау ел аумағында өтіп жатқан V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын қолдауға білім шаңырақтары да өз үлесін қосып жатыр. Көшпенділер ойыны аясында Медеу ауданындағы №197 мектептің 5–9-сынып оқушылары тоғызқұмалақ ойынына қатысты.

Жалпы, тоғызқұмалақ ұлттық құндылықтарымыздың қатарына жатады. Оны 2020 жылы 19 желтоқсан күні халықаралық ЮНЕСКО

Тоғызқұмалақшылар қатары артып келеді

адамзаттың мәдени мұралары тізіміне қосты. Қазіргі таңда еліміздегі барлық дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері тоғызқұмалақты үйреніп, ол мектеп бағдарламасына енгізіліп отыр. Бүгінгі таңда ұлттық ойынымыз тек Қазақстанда ғана емес, шет елдерде де насихатталуда.

– Өздеріңізге белгілі, тоғызқұмалақ 2006 жылдан бастап әлемдік зияткерлік ойындар олимпиадасының бағдарламасына енді. Орал қаласында Дүние жүзі тоғызқұмалақ федерациясының құрылтайының өткізілуі бұл ойынның маңызын тереңдете түскендей. Жалпы, тоғызқұмалақ – ұлтымыздың адамзат мәдени мұрасына қосқан үлесінің үлгісі. Бұл ойынның тарихы тым тереңде жатыр. Оның

маңыздылығы сол, бұл зияткерлік ойын, әрі зерде мен зейінді жетілдіретін тәрбие құралы іспетті. Кезінде бұл ойынды Абай бабамыз да ойнаған көрінеді. Өзі ғана ойнамай, мектеп ашып, жарыс ұйымдастырған екен. Араға жылдар салып, зияткерлік ойынымыз 1950 жылдары қайта жанданып, алғашқы жарысты Мұхтар Әуезов ұйымдастырған екен. Тоғызқұмалақ ойнауға оқушыларымыздың ынтыасы ерекше, – дейді №197 мектеп басшысы Тұнық Сарыбаева.

9 қыркүйек «Тоғызқұмалақ күніне» орай 5–9-сынып оқушылары арасында өткен ойынды дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Елдар Ер-назарұлы ұйымдастырды.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

РЕСМИ БӨЛІМ

2024 жылғы 9 қыркүйек №3/373-1844

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 4 шілдедегі № № 32.1-32/3264-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласының Бас жоспарын жүзеге асыру үшін (аумақты абаттандыру және көгалдандыру) Гузэль Шаукедовна Арзыкулованың, Жеткерген Анесович Арзыкуловтың Алматы қаласының Алмалы ауданындағы, Наурызбай батыр көшесі, 29/1 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы – 0,01867 га (кадастрлық нөмірі 20-311-046-082) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және меншік иесіне жер учаскесі өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

2024 жылғы 9 қыркүйек №3/373-1845

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 30 сәуірдегі № 2/225-263 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 30 сәуірдегі №2/225-263 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен

шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 9,10 жол келесі редакцияда мазмұндалсын

«

9.	Тохтаунов Ахметжан	20-315-028-375	Манаев көшесі, 72/1	жалпы – 0,0682 үлесі 0,0300
10.	«KAZKOM Realty» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-315-028-375	Манаев көшесі, 72/1	жалпы – 0,0682 үлесі 0,0382

келесі редакциядағы реттік нөмірі 29 жолмен толықтырылсын:

«

29.	Гойколова Любовь Николаевна, Гойколов Александр Павлович, Гойколов Алексей Павлович	20-315-028-545	Манаев көшесі, 55	0,0897

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2024 жылғы 30 қазан, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, кеңсе, 1., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 467 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ, төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2024 жылдың 7 қазан, сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2024 жылғы 30 қазан, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шынжырлар, мойынтұмарлар, алқалар).
Лоттар саны – 974 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ, төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2024 жылдың 7 қазан, сағат 18.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

Алмалы ауданының «Ten Qogam» мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы құқықтық, психологиялық және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттық қолдау көрсетуді жалғастыруда, қазақ және ағылшын тілдері, сондай-ақ қашықтықтан оқыту мамандықтары бойынша курстар өткізуде.
Мекенжайы: Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 168 А.
Телефон: +7 (727) 378-88-04.
Әлеуметтік желілер: [tenqogam.almaly.2024](https://t.me/tenqogam.almaly.2024) (Telegram, Instagram, Facebook).



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы поштамтына:
8 707 862 30 08,
8 777078 53 48

(Татьяна Титова, Логистика және өндіріс бөлімі) телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 8152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ17VPY00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



www.youtube.com/channel/UCXz3M2xrjCHx6B8r1JggyqeA



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



vk.com/aqshamy.official



twitter.com/aqshamy_kz

ПАРИЖ – 2024

ТАРИХИ НӘТИЖЕ!

Паралимпиадашылар Парижде 9 жүлдеге ие болды



(Фотодереккөз: Туризм және спорт министрлігі)

28 тамыз күні басталған Паралимпиада ойындары 8 қыркүйек күні өз мәресіне жетті. Жерлестеріміз Франциядан 9 жүлдемен оралды.

Парижде 10 күнге жалғасқан жазғы Паралимпиада бәсекесіне әлемнің түкпір-түкпірінен 4400-ден астам спортшы қатысты. Әлемдік додада Қазақстан намысын 44 спортшы қорғады. Жерлестеріміздің екеуі алтын, үшеуі күміс, төртеуі күміс жүлде жеңіп, жалпыкомандалық есепте 39-орынға жайғасты. Бұл Қазақстан тарихындағы Паралимпиаданың үздік нәтижесі! Бұған дейін Токиода өткен жарыста отандық паралимпиадашылар 5 жүлде (1 алтын, 3 күміс, 1 қола) жеңіп алған болатын.

Газетіміздің алдыңғы санында Паралимпиада ойындарының екі дүркін чемпионы Давид Дегтярев, Паралимпиаданың күміс жүлдегері Еркін Ғаббасов, Паралимпиаданың қола жүлдегері Дастан Мұқашбековтың жеңістері туралы жазғанбыз. Енді ел намысын қорғап, Көк Туымызды көкке көтерген өзге спортшыларымызға да тоқталып өтейік.

Париж төрінде еліміздің Әнұраны орындалуына себепші спортшы – Ақмарал Науатбек. Ол пара дзюдодан 48 кг салмақ дәрежесінде (J2 санаты) бақ сынап, Париж Паралимпиадасының жеңімпазы атанды. Финалда Франция өкілі Сандрина Мартинеден басым түсіп, алтын жүлдеге қол жеткізді.

ЕРКІН КҮРЕС

Ризабек – Әлем чемпионы!



Испанияның Понтеведра қаласында өткен 20 жасқа дейінгі палуандар арасындағы әлем чемпионатында Ризабек Айтмұхан олимпиадалық салмақта (97 кг) топ жарды.

Жастар арасындағы әлем чемпионатының финалында жерлесіміз эзербайжандық Хетаг Карсановті таза жықты. Есеп: 10:0.

«Еркін күрестен ересектер арасындағы тұңғыш әлем чемпионы Ризабек Айтмұхан (97 кг) Испанияның Понтеведра қаласында өтіп жатқан 20 жасқа дейінгі палуандар арасындағы әлем чемпионатында атой салды. Даңқты палуанымыз финалда эзербайжандық Хетаг Карсановті бет қаратпай жеңіп, алтыннан алқа тақты. Жерлесімізді өз жас санатында әлемнің теңдессіз палуан атануымен шын жүректен құттықтаймын! Ел мерейін асырған Ризабектің өнеріне ел де, біз де ризамыз. Жеңіс құтты болсын, қазақ елі!», – деді Туризм және спорт министрі Ербол Мырзобосынов.

Айта кеткен жөн, өткен жылы қыркүйек айында Сербияның Белград қаласында өткен әлем чемпионатында Ризабек алтын олжалап, Қазақстан тарихындағы тұңғыш әлем чемпионы атанған болатын. Енді қазақстандық балуан араға 24 жыл салып жастар арасындағы әлем чемпионатында еліміздің Көк Туын биікке көтерді. Оған дейін Рамзан Муртазаев (1996 жылы), Әбіл Ибрагимов пен Иосиф Момцелидзе (2000 жылы) бұл жарыстың жеңімпазы болған еді.

ФУТБОЛ



(Фотодереккөз: Туризм және спорт министрлігі)

ЖЕҢІСКЕ БЕРГІСІЗ
ТЕҢ ОЙЫН

Алматыда үлкен футбол мерекесі болды. Мегаполистің Орталық стадионында Қазақстан мен Норвегия командалары арасында матч өтті.

Футболдан Қазақстан ұлттық құрамасы УЕФА Ұлттар лигасы аясында Норвегия құрамасына қарсы кездесті. Скандинавиялық команда құрамында еліміздің оңтүстік астанасына «Манчестер Сити» клубының шабуылдаушысы Эрлинг Холанд пен «Арсенал» клубының жартылай қорғаушысы Мартин Эдгор келді.

Әлемдік жұлдыздар қатысатын ойынның билеттері бір тәулік ішінде сатылып кетті. Ойын барысында лық толған стадионда Ұлт-

тық құрама футболшыларына 20 мыңнан астам жанкүйер қолдау көрсетті.

«Тойдың болғанынан болары қызық» дегендей, қазақ жанкүйерлері тағатсыздана күткен ойын нәтижелі болған жоқ. Орталық стадионда өткен кездесу 0:0 есебімен аяқталды. Холанд бастаған норвегиялық ойыншылар қанша шабуылдаса да, Шацкий қақпасынан саңылау таба алмады. Осылайша УЕФА Ұлттар лигасының В3 тобында бақ сынайтын Қазақстан мен Норвегия бір-бір ұпайдан еншіледі. Олардың қарсыластары Австрия мен Словения да өзара тең түсті. Енді қазақстандық футболшылар Словенияның Любляна қаласына аттанды. Газет беттеліп жатқан кезде екі құрама арасында ойын өтті. Матч нәтижесімен aqshamnews.kz сайтынан таныса аласыздар.

Айта кеткен жөн, бұл ойын Қазақстан футбол құрамасының жаңа бас бапкері Станислав Черчесовтың алғашқы ойыны болды.



Т АҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«Қайрат» пен «Зенит» Алматыда жолықты

Алматының Орталық стадионында қалың көрермен жинаған тағы бір айтулы ойын өтті. Алматылық «Қайраттың» алаңына ресейлік «Зенит» қонаққа келді.

Шаһарымыздың басты футбол алаңында «Қайрат» пен «Зенит» командалары арасында жолдастық кездесу өтті. Ойын кезінде алматылық футболшыларды қолдауға келген жанкүйерлердің қарасы көп болды. Стадионның әр тұсында Алматының басты жаршысы «Алматы ақшамы» газетін қолға ұстап, мегаполистің жаңалықтарымен танысып отырған оқырмандарды көзіміз шалды. Матчтың өзі тартысты өтті. Орталық стадиондағы ойында ресейлік команда 3:4 есебімен басым түсті. Алматылық футболшылар арасында Жоау Пауло (54 мин), Юг Станоев (66 мин), Вячеслав Швырев (90+2 мин) гол соқса, қонақтардан Александр Ерохин (37 мин), Матео Кассьерра (51 мин) және Луциано Гонду (73, 78 минуттар) көзге түсті.

Айта кеткен жөн, 3 қыркүйек күні «Қайрат» Александр Кержаковтың бас бапкерліктен кеткенін хабарлаған болатын. Кержаков «Қайрат» тізгінін быыл мамыр айының соңында алған. Оның жетекшілігімен команда 12 матч өткізіп, 6 рет жеңіске жетіп, 3 рет тең түсіп, 3 рет қарсыластарына есе жіберді. «Қайрат» пен «Зенит» матчында алматылық команданы Рафаэль Уразбахтин басқарды.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.